

**Педагогикалық  
менеджментте білім  
беру сапасын  
басқару.**

**Мақсаты:** Сапа менеджменті жүйесінің мақсатымен таныстыру. Педагогикалық кадрларды аттестациялау мақсатымен таныстыру. Ұстаз еңбегін бақылауға қойылатын жалпы талаптардық қажеттілігін анықтау. Педагогикалық кадрларды аттестациялау технологияларының мақсатымен таныстыру.

**Негізгі ұғымдар:** Сапа менеджменті, аттестаттау, технология, біліктілігін арттыру.

• **Жоспары:**

- 1. Білім беру мекемелері қызметінің басымдық бағыттарын таңдау.
- 2. Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі.
- 3. Сапа менеджментті жүйесі.

*Қазақстан Республикасының президенті Н.А.Назарбаевтың 2030 стратегиялық даму жоспарында алыс-жақын шетелдік университеттермен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасу мақсатын алға қойды.*

*Шетелдік білім жүйесіне қарағанда инновациялық даму жолында отандық білім жүйесі бірнеше жылға артта қалуда. Осы проблеманы шешу мақсатында мынадай негізгі бағыттарды ұстануды атап өтті:*

- 1. Білім беру үдерісін басқаруда СМЖ-нің принциптерін негізге алу;*
- 2. Ғылым, білім мен өндірісті байланыстыратын инновациялық инфрақұрылымды құру; Дуалды оқыту*
- 3. Инновациялық және ақпараттық технологияларды дамыту және пайдалану;*
- 4. Ішкі бірлескен бәсекелестік орта мәдениетін қалыптастыру;*
- 5. Ғылым, білім кеңістігіндегі әлемдік ынтымақтастық;*
- 6. СМЖ түрлі бағыттағы басқару деңгейінде пайдалану.*

Қазіргі таңда менеджмент саласындағы сапа жүйесіне арналған орыс тілінде бірнеше оқулықтар, мақалалар, методологиялық нұсқаулықтар жарық көрген.

2008 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің Депутаты В.Киянскийдің басшылығымен «Сапа менеджменті – бәсекеге қабілет философиясы» атты мемлекеттік тілдегі оқулығы жарық көрді.

- Ал ЖОО-ның білім беру үдерісі механизмінің күрделілігі мен сапасының артуы аттестация және экспертизалық сараптау орталықтарының университетішілік, институтішілік білім беру жүйесін сапалы басқаруға қойылатын талап, міндеттерінің күшеюінен байқалады. Оның негізгі себебі болып, ҚР ИСО 9001-2001 халықаралық стандарттарының білім жүйесіне қарқынды енуінен екені белгілі.

2000 жылдан бері ЖОО-ның білім сапасын басқарудың тиімді механизмін қалыптастыру аясында, әсіресе педагогика ілімі мен оның ғылыми тәжірибелік жұмыстары барысында бірталай нәтижелерге қол жеткізгендігін көреміз. Мәселен, 2004 жылдың қыркүйек айында ректордың № 48 бұйрығымен СМПИ-да СМЖ-ны қарқынды енгізу бойынша Үйлестіру Кеңесі құрылды. Соған сәйкес «ҚР СТ ИСО 9001:2001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сапа менеджмент жүйесін енгізу» атты бағдарламасы әзірленді. Қазіргі уақытта СМПИ-ның сапа саласындағы мақсаты мен саясаты, стратегиялық даму жоспары, білім беру үдерісінің ландшафттық картасы әзірленді. Сонымен қатар институтта 5 деңгейлі СМЖ құжаттарын басқарудың иерархиясы дайындалып, сол

Олар:

**1 деңгей** – Сапа саласындағы мақсат, сапа бойынша басқару;

**2 деңгей** – Құжаттандыру тәртібі (20), институт стандарттары (6);

**5 деңгей** – Нормативті-құқықтық және нормативті құжаттар (заң, жарғы, қаулы, ҚР БҒМ құжаттары).

**3 деңгей** – Институт бөлімшелерінің ережелері (29), нұсқаулықтар (11);

**4 деңгей** – Сапа бойынша жазба (сапаның еркін формасы - 154);

ЖОО білім беру үдерісіндегі сапа менеджменті жүйесі  
үздіксіз жетілдіру жүйесін құру және ұйымдастыру  
мақсатында мынадай ұстанымдарды басшылыққа  
алады:

1. Педагог мамандарын дайындау бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының білім беру қызметтерін ұсыну саласында танымды көшбасшы болуға талпыну.

2. Құрам жауапкершілігі мен өкілділікке шек қоюды жүзеге асырушы басқару құрылымын жетілдіру, себепті механизмдерді енгізу және қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

3. Материалды-техникалық базаны және институттың инфрақұрылымын тұрақты түрде жетілдіру.

4. ҚР ИСО 9001:2001 талаптарына сәйкес институттағы сапа менеджментінің барлық үрдісін жүзеге асыруға кепілдік беретін ақпараттық, әдістемелік және материалдық базамен сапа менеджменті жүйесін қамтамасыз ету.

5. Тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруды қамтамасыз етуші: сыртқы – мемлекет, әр түрлі меншіктегі кәсіпорын, студенттер мен қоғам тұтастығы; ішкі – институт оқытушылары мен қызметкерлері.

6. Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары талаптарын орындау негізіндегі білім беру қызметтері сапасын көтеру кепілдігімен қамтамасыз ету, Қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу, оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігін үздіксіз көтеру жүйесін дамыту.

7. Оқытушылар мен студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне тартуды қамтамасыз етуші себепті механизмдерді құру есебінен іргелі және қолданбалы зерттеулердің көлемін кеңейту.

8. Институт мәртебесін көтеру есебінен оқытушылар мен қызметкерлердің материалдық тұрақты жағдайының өсуін қамтамасыз ету, сапалы білім беру қызметтерін көрсету және еңбек төлемі жүйесін жетілдіру.

9. Білім беру қызметтері жағдайын зерттеуге бағытталған маркетинг жүйесін құру және нарық талаптарының өзгерісіне икемділікпен қарау.



## ***Білім беру үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған сапа менеджмент жүйесі***

Педагогика ғылымының тұрақты дамуына аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени-экономикалық кеңістікте еркін бағытталады, жиынтық ресурстарды қолдану тиімділігін арттыра білетін және оны қолдану мен арттырудың жаңа, тиімді әдістерін таба білетін білікті еңбек ресурстарының қолда болуын талап етеді. Осыдан келе, бүгінгі таңда жоғары білікті еңбек ресурстарын даярлауға жаңа мағына бере отырып – ұйымның және қоғамның бәсекеге қабілетті дамуын қамтамасыз ету қажет.

Жаңа технологиялық және ұйымдық революцияның әсерімен қоғамның даму моделі түбегейлі түрде өзгерді. Жалпы сұраныстағы өнімді сапалы өндіру мен қызмет көрсету, сапаны жалпы басқару білімі мен технологиясына көшуде. Бүгінгі таңда сапалы өнім өндіру басқа салаларға қалыптасушы ретінде әсер ететін тәуелсіз салаға айналды.

Қазақстандық ауыл шаруашылығын жоғары білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ететін ЖОО алдында келесідей маңызды және қиын міндеттер тұр:

тұтынушының күтіміне сай сапалы қызмет көрсетуді үйрену;

жоғары білікті еңбек ресурстарын даярлау қызметінің сапасын тұрақты деңгейде ұстау және оны үнемі жетілдіруге үйрену.

- Қызмет көрсету саласында бастапқы мәнді тұтынушының талабына бағытталған шаралар кешенін қамтитын басқару қызметі иемденіп отыр. Тұтынушы талаптарын анықтайтын және қызмет сапасының талаптарға сәйкестік дәрежесін бағалайтын сапа менеджмент жүйесі қажет етіледі. Мұндай жүйені енгізу және оның тетіктері арқылы басқаруға жүйелі ықпал етуге негізделе отырып, сапаны қамтамасыз ету арқылы мамандарды даярлаудың жаңа деңгейіне қол жеткізуге, сонымен қатар қолда бар кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық әлеуметті тиімді қолдануға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
- ЖОО-да білім беру үдерісінің сапасын басқару жүйесінің өзектілігі жөнінде *Президентіміз Н.А.Назарбаевтың* Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстан - жаңа әлемде» деп айтылған сөздердің астарынан көрініс тапты. Мұнда Үкіметке тапсырылған басты міндеттердің ішінде **«халықаралық және техникалық стандарттарды тез арада және кең мағынада енгізу»** мәселесі қойылды.

- ЖОО-ның білім беру үдерістерін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді жетілдіру үшін ЖОО-ға сапа менеджмент жүйесін енгізу бойынша шаралар кешенін даярлаудан тұрады. Демек, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер айқындалды:

«кадрлік», «материалды-техникалық», «ақпараттық ресурстар» түсініктерінің білім беру үдерістерінде алатын орнын анықтау;

- «қызмет сапасы», «сапа менеджмент жүйесі» түсініктерінің мәнін анықтау арқылы қажетті ресурстарын даярлау үдерісіне тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған сапа менеджмент жүйесін қалыптастыру қажеттілігін негіздеу;

ЖОО-ның білім сапасын қажетті ресурстарымен қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында сапа менеджмент жүйесін енгізудің теориялық және тәжірибелік аспектілерін қалыптастыру қажет.

Жалпы ішкі аудиттік сараптау барысында келесі әдістерді қолдану ұсынылады: ***интерактивті, статистикалық, сараптама, есептік-конструктивтік, модульді, эксперт-аудиттік және т.б.***

Жоғары оқу орындарына сапа менеджмент жүйесін енгізу негізінде білім беру үдерісін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуді жетілдіру:

- **«қажетті ресурстар»** түсінігінің және оның сыртқы бәсекелестік ортаға қарсы тұру мен даму қабілеттіліктерінің мәнін айқындау;
- **«білім беру үдерісіндегі сапа менеджмент жүйесі»** түсінігі білім беру мақсатындағы кез келген басқарма жүйесін сапамен қамтамасыз ету және жақсарту, басқару, жоспарлау;
- ЖОО-да сапа менеджмент жүйесін қалыптастыруды қазіргі заманғы көзқарастармен жүйелендіру;
- Білім беру үдерістерінің сапасын арттыруға бағытталған сапа менеджмент жүйесі моделін құру.

ЖОО-ның сапа менеджменті жүйесі халықаралық стандартының ISO 9001 сериясының талаптарына, Жалпы сапа менеджменті (Total QM) ұстанымдарына және Еуропалық қор моделіне негізделеді. Қазіргі уақытта кәсіпорын, ұйым үшін сапаны басқарудың ең тиімді жұмыс моделі болып Жалпы сапа менеджменті моделі, басқаша айтқанда TQM (тотальді менеджмент жүйесінің принциптері) болып табылады.

### **Педагог мәртебесі**

**Мақсаты:** Жоғары білікті кадрлармен білім беру жүйесін қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдауды күшейту және педагог қызметкерлердің еңбегін ынталандыру.

### **Мақсатты индикаторлар:**

Педагогтің орташа жалақысы экономикадағы орташа жалақыға жетеді  
Педагогтердің 70%-ы ваучерлік қаржыландыру принципі бойынша біліктілігін арттырудан өтеді.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:  
педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру сапасын қамтамасыз ету педагог кәсібінің беделін арттыру  
кәсіби шеберлік деңгейі бойынша педагогке қойылатын талаптарды арттыру  
Білім сапасы бірінші кезекте сапалы даярланған педагогтермен айқындалады, олар бұл білімдерін әртүрлі әдістер арқылы білім алушыларға береді.

# ISO стандарттарында көрсетілген TQM – (total quality management - сапаны жалпыға бірдей басқару) қағидаттары.

- **КСРО-да 50-жылдардың ортасынан бастап өнім сапасын арттыру саласындағы жүйелі жұмыс, басқаруға жаңа көзқарастарды еңгізуді талап етті. Кеңес Одағында сапаны басқару жүйелерін дамыту біршама кең, бірақ аймақтық және салалық сипатқа ие болды. Горький қаласының кәсіпорындарында КАНАРСПИ басқару жүйесі құрылды, осыған ұқсас жүйелер Днепропетровск, Краснодар, Львов, Саратов, Ярославль және т.б. кәсіпорындарда жұмыс атқарды.**
- Басқарудың концептуалды негіздері дамуының логикалық жалғасы ISO стандарттарында көрсетілген **TQM** (total quality management - сапаны жалпыға бірдей басқару) қағидаттарын әзірлеу және еңгізу болды. Заманауи қоғамдағы бұл қағидаттардың айтарлықтай маңызы - олардың тек басқарушылық қызметтің технологиялық тиімділігін қамтамасыз ететін ережелер ретінде ғана болмауында. Бұл ұстанымдар басқарудың жаңа философиясы айналып келе жатыр. Олардың маңызын осы философияның негізін қалаушылардың бірі Э. Демингтің сөздері айқындайды, ол келешекте **кәсіпорындардың екі түрі болады деген:**
  - =TQM еңгізген кәсіпорындар және
  - =бизнестен тыс қалған кәсіпорындар.
- Осылайша, TQM - жаһандық экономиканың қарқынды өзгермелі шарттарында тұтынушының қанағаттануына қол жеткізуге мүмкіндік беретіндей кәсіпорынды басқару деңгейін қамтамасыз ететін қағидалар, аспаптар мен жұмыстарды ұйымдастыру әдістернің жаңа жүйесі.

TQM қағидаттары жоғары басшылық ұйым қызметін жақсарту мақсатымен оларды басшылыққа ала алатындай етіп анықталған болатын. Олардың, қатарына келесілер енеді:

**Тұтынушыға бағдарлану.** Бұл қағидат бойынша ұйымдар өз тұтынушыларына тәуелді, сондықтан олардың ағымдағы және келешек қажеттіліктерін тусініп, олардың талаптарын орындап, үміттерінен асып түсулері қажет.

**Басшының жетекшілігі.** Басшылар мақсат пен ұйым қызметі бағытының, бірінғай болуын қамтамасыз етеді. Олар жұмысшыларды ұйым мідеттерін шешуге толық еліктендіретіндей ішкі ортаны құрып, қолдап отырулары қажет.

**Қызметкерлерді тарту,** яғни барлық деңгейдегі қызметкерлер ұйымның негізін қалайды, сондықтан міндеттерді шешуге оларды толық тарту ұйымға олардың кабілеттерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**Үдерістік көзқарас.** Қызметін және сәйкес қорларды үдеріс ретінде басқарған уақытта қалаулы нәтижеге тиімдірек жетуге болады.



**Менеджментке деген жүйелі кезкарас.** Жүйе ретінде өзара байланысты урдісттерді анықтау, ұғыну және олардың менеджменті ұйымның мақсаттарына қол жеткізу кезінде, нәтижелілігін және ұйымдастыру тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

**Ұйым қызметіне қатысты үнемі жақсартуды жалпы айнымас мақсат ретінде қарастыру қажет.**

**Деректерге негізделген шешімдер қабылдау.** Тиімді шешімдер деректер мен ақпаратты талдауға негізделуі тиіс.

**Жеткізушілермен өзара тімді қатынастар.** Ұйым мен оның жеткізушілері өзара тәуелдік, сондықтан өзара табыс қатынастары екі тараптың да құндылықтар қуру қабілетін арттырады.

TQM ұстанымдары сапа менеджменті жүйелерін құруға негіз болады, бұл жүйелер бүгінгі таңда ҚР көптеген жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінде еңгізілген. Сапамен жалпы басқару идеялары, жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметін ұйымдастыру үшін де нәтижелі болды.

## **Педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру сапасын қамтамасыз ету**

2011 жылдан бастап:

«Болашақ» бағдарламасының шеңберінде ТЖКБ және ЖОО-лар үшін ағылшын тілінің педкадрларын даярлау қамтамасыз етілетін болады; Көптілді білімі бар педагог кадрларды даярлау базалық пән циклінде шет тілі бойынша кредиттер көлемін кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Бұл үшін Үлгілік оқу бағдарламаларына үш тілде сабақ беретін педагогтерді даярлау бөлігіне өзгерістер енгізіледі;

Педагогтерді, оның ішінде шағын жинақты мектептер (бұдан әрі – шжм) үшін даярлау бағдарламасы, педагог кадрларды даярлайтын ЖОО-ларда (Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Семей мемлекеттік педагогикалық институты) жоғары мектеп үшін мұғалімдерді мақсатқа сай даярлауға (екі дипломды білім бойынша кадрлар даярлау, мысалы, математика-физика-информатика) арналған мемлекеттік тапсырыс негізінде білім беру магистрінің бағдарламасы жетілдіріледі;

Жаңа білім беру бағдарламаларына сәйкес біліктілікті арттыру бағдарламасы жаңартылады және білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру қамтамасыз етіледі.

Даярлауды және біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын білім беруді ұйымдастырудың қашықтықтан оқытуын қамтамасыз ету мақсатында интерактивтік жабдықтармен жарықталады.

Біліктілікті арттыру жан басына қаржыландыру және біліктілікті арттыру нысанын, мазмұнын, мерзімдерін педагогтердің таңдау еркіндігін қамтамасыз ететін оқыту процесін ұйымдастырудың модульдік жинақтау принциптеріне негізделген ваучерлік жүйе бойынша өткізіледі.

2012 жылы Астана, Алматы, Павлодар қалаларында ваучерлік жүйенің сынақтан өткізу жүзеге асырылатын болады, көшу – 2013 жылдан бастап.

Педагог кәсібінің беделін арттыру:

Педагог кәсібінің беделін арттыру үшін бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылады.

2013 жылдан бастап мектепке дейінгі және орта білім берудің педагог қызметкерлеріне біліктілік санаты үшін төленетін қосымша ақының мөлшері арттырылатын болады.

Педагог қызметкерлердің орташа жалақысы 2015 жылы экономикадағы орташа республикалық жалақының деңгейіне жеткізіледі.

2016 жылдан бастап:

Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізіліміне (G-10-нан G-8-ге дейін) өзгерістер енгізу арқылы өндірістік оқыту шеберлерінің жалақыларын арттыру қарастырылады;

Педагог магистрлер үшін шағын жинақты мектептердегі жұмысына, педагог қызметкердің жоғары нәтижесіне еңбекке ақы төлеу нормативтері жетілдіріледі; қазіргі қосымша ақылар мен үстеме ақылардың мөлшерлері қайта қаралады. Жыл сайынғы еңбек демалысына берілетін сауықтыру жәрдемақысы бір лауазымдық жалақыдан екі лауазымдық жалақыға көбейтіледі;

мемлекеттік бюджеттен және жұмыс берушілер қаражаттарынан төлемдерді қоса қаржыландыру бөлігінде зейнетақы қорын қалыптастыру тетігі жетілдіріледі;

жылдар бойы сіңірген еңбегі үшін зейнеткерлікке шығу мүмкіндігі қарастырылады.

### ***Кәсіби шеберлік деңгейі бойынша педагогке қойылатын талаптарды арттыру***

Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін білікті кадрлар болу қажет. Ол үшін педагогтерге қойылатын талаптарды күшейту жөнінде шаралар қарастырылуда.

2016 жылдан бастап жұмысқа алғаш рет немесе педагог қызметінің үзілісінен кейін қабылданып жатқан педагогтер біліктілігінің деңгейін растау рәсімі енгізілетін болады. Білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдау ережесі әзірленеді, ол азаматтардың аталған санаттары үшін тестілеуден өтуді көздейді.

Жоғары орта мектеп үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде білім беру саласындағы магистр дәрежесінің барлығы көтермеленетін болады.

Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагогтің портфолионда өз көрінісін табады.

Педагог кадрларды даярлау сапасын бақылау және ынталандыру үшін барлық өңірлерде тәуелсіз аттестаттау агенттіктері құрылады.

Педагогтерді аттестаттау мұғалім білімін тестілеу рәсімінен, қызметі туралы есептен білім беру беру процесі мен қоғамдастық қатысушыларының пікіртерімінен тұратын кешенді бағалау негізінде өткізілетін болады.

2016 жылдан бастап математика мұғалімі TEDS-M халықаралық салыстырмалы зерттеуге (Teacher Education and Development Study in Mathematics) – орта мектептің бастауыш және орта буынының математика мұғалімдерінің кәсіптік білім сапасын бағалауға қатысатын болады.

## *Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру*

Педагог мамандықтары бойынша базалық даярлықты оқитындар контингенті 167 мың адамнан астам және жылына 22 мыңнан астам мұғалім шығаратын 34 жоғары оқу орны 19 педагогикалық мамандық бойынша жүргізеді.

Педагогтерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы: 2001 жылғы 5655 грант пен кредиттен 2004 жылы 6075-ке дейін өсті.

Қайта даярлау және біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің саны өсіп келеді: 2001 жылы - 42784 мұғалім, 2003 жылы - 48157. Алайда бұл әрбір мұғалімнің біліктілік арттыру курстарынан кемінде бес жылда бір рет өтуін міндеттейтін "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру үшін жеткіліксіз, оған сәйкес жыл сайын 54000 мұғалім біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.

Бейіндік сыныпта оқытуды, 2 сыныптан бастап шетел тілдерін, информатиканы оқытуды көздеу, кәсіптік мектептердің желісін кеңейту 28 мың педагогикалық ставканы қосымша енгізуді талап етеді.

Жоғары оқу орындарының түлектерін ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тарту және орнықтыру тетігін әзірлеу қажет.

Жоғары оқу орындарының мүмкіндіктері педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда жан-жақты пайдаланылмайды. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелерін шешу жөнінде шет елдермен тәжірибе алмасу нашар дамыған. Білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерінің жаңа білім-білікті игеруін материалдық және моральдық тұрғыдан көтермелеу тетіктері тиімді түрде жеткілікті пайдаланылмайды, практикалық қызметке бағдарланған оқытудың белсенді тренингтік технологияларының енгізілуі нашар.

# Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру

Педагог кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта

- жетекші университеттер базасында жоғары оқу орындарының педагог кадрларын даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін қалпына келтіру және одан әрі дамыту;

- педагог мамандықтарының білім беру бағдарламалары мазмұнын жаңарту, білім берудің *вариативтік* (өзгермелі) үлгілерін жасау;

педагог кадрларды даярлау бағдарламаларына оқытудың бүкіл жылдары бойы үздіксіз педагогикалық және психологиялық-педагогикалық практиканы енгізу;

- екінші мамандықтың қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде мемлекеттік тіл, шетел және ана тілдері, информатика, психология бойынша пән мұғалімдерін қайта даярлау;

- болашақ мұғалімдер үшін олардың даярлық деңгейін тәуелсіз кәсіби бағалаумен қоса үш айдан бір жылға дейінгі педагогикалық тағылымдаманы енгізу;

- 12 жылдық мектепте және мектепке дейінгі, арнаулы, жалпы қосымша және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін педагог мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту;



- педагогтерді және басшыларды аттестаттаудың және қайта аттестаттаудың, мұғалімнің педагогикалық қызметін сертификаттаудың жаңа жүйесін әзірлеу;

- педагогтердің еңбегін ынталандырудың және оларды жергілікті жерлерде тұрақтандырудың тетіктерін жетілдіру;

- білім берудің жаңа мазмұнын, оқыту технологиялары мен сабақ беру әдістемелерінің өзгергенін ескере отырып, мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының басшыларын қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

- білім беру ұйымдары басшыларын білім берудегі менеджмент бағдарламалары бойынша даярлауды жүзеге асыру;

- жоғары оқу орындары арасындағы, халықаралық шарттар мен бағдарламалардың негізінде мемлекеттік жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлау көзделеді.

- Мектепке дейінгі ұйымдар үшін педагог кадрларды даярлау кезінде қосымша мамандандыру мүмкіндігі көзделетін болады: мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жөніндегі педагогика-психология, мектепке дейінгі білім беру менеджменті, мектепке дейінгі жастағы балалар үшін шетел тілі, қосымша білім беру педагогикасы.
- Білім беру бағдарламалары инновациялық педагогикалық технологияларды, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын меңгерген көп тілді мұғалімді даярлауға бағдарланатын болады.